

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің орталық аппараты  
қызметкерлерінің санын көбейту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қаңтардағы N 30 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 580 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.26 № 580 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі орталық аппаратының атқаратын міндеттері көлемінің ұлғаюына және жаңа ұйымдастыру құрылымдарының жасақталуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі орталық аппаратының саны 150 әскери қызметші мен 50 қызметшіге көбейтіліп, орталық аппарат қызметкерлерінің шекті саны 750 адам болып (үйлерге күтім жасайтындардан б а с қ а л а р ы ) б е л г і л е н с і н .

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне белгіленген қызметкерлер саны мен еңбекақы қоры шеңберінде республика Қорғаныс министрлігі аппаратының штатын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бөлімдері мен мекемелерінің штаты мен табелін бекіту хұқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі N 575 қаулысының 2-тармағының күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 27, 413-бап).

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*